

Күршім ауданы Күршім ауылдық округі Күршім ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 538 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 31/9VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 9 қаңтарда № 9127-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Күршім ауданының Күршім ауылдық округі Күршім ауылының шекарасы (шегі) жалпы алаңы 3044,4045 гектар болып белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Күршім ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы Күршім ауданы әкімдігінің бірлескен қаулысы мен Күршім аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Күршім ауданының әкімінің м.а.
Мәслихат төрағасы*

*М. Альбеков
К. Бахтияров*